

Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 30 қарашадағы "Шыңғырлау ауданы бойынша 2023 жылға мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" № 200 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 30 наурыздағы № 29 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы № 498 "Мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 28 шіледе № 14010 болып тіркелді) сәйкес, Шыңғырлау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Шыңғырлау ауданы бойынша 2023 жылға арналған тізімдік саны бар ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептегенде, мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота жұмыскерлердің екіден үш пайызға дейінгі мөлшерінде жаңа редакцияда белгіленсін.

2. Аудан әкімі аппаратының басшысы осы қаулының Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Бисембаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ә.Мұханбетжанова

Шыңғырлау ауданы әкімдігінің
2023 жылғы 30 наурыздағы №29
қаулысына қосымша

Шыңғырлау ауданы бойынша 2023 жылға арналған мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарына квота

№	Ұйымның атауы	Жұмыс орындарының саны	Квота пайызы %	Квота белгіленген жұмыс орындарының саны

1	Батыс Қазақстан облысы әкімдігі табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Шыңғырлау орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	51	2	1
2	Шыңғырлау аудандық мәдениет бөлімінің "Шыңғырлау аудандық мәдени-демалыс орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	144	3	3
Барлығы		195	2-3	4